

**«ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
САРЫСУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

ХАТТАМА №1

Жаңатас қаласы

23 желтоқсан 2022 ж

Жиынға қатысқандар: Жамбыл облысы әкімдігінің 2021 жылғы 4 наурыздағы №59 қаулысына сәйкес конкурстық комиссия мүшелері
Төрағалық етуші: Баймағамбетов Ильяс Алшынбайұлы – Сарысу ауданының білім бөлімінің басшысы
Комиссия құрамы: Г.Кабулова, Ш.Абдрахманов, Р.Камбарбаева
Хатшы: А.Берденов

Күн тәртібінде:

1. 2023 жылға Сарысу ауданының білім бөліміне қарасты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша құжаттарды қарау.

Тыңдалды: 2023 жылға мемлекеттік тапсырысты алу үшін Сарысу ауданындағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарынан 11 балабақша және 1 шағын орталықтың құжаттарын өткізу бойынша құжаттар қаралды.

Г.Кабулова: мектепке дейінгі мемлекеттік тапсырысты алу үшін мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарынан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» № 381 бұйрығының 14,15,18-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес 8 мемлекеттік және 3 жеке меншік бөбекжай бақшаларының, 1 шағын орталықтың құжаттары қаралды.

Сөз алғандар:

1) Р.Камбарбаева: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 77 Қаулысына сәйкес мемлекеттік тапсырысты алу үшін Сарысу ауданының білім беру ұйымна қарасты мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлерінің құжаттары зерделенді және заң талаптарына сәйкес екендігін хабарлаймын.

2) Ш.Абдрахманов: Сарысу ауданының білім бөліміне қарасты білім беру ұйымдарының құжаттары толығымен қаралды. Қосымша өз тарапымнан Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осал объектілері мен білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге

қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» № 117 бұйрығының 6-тарауын басшылыққа ала отырып мемлекеттік ұйымдар мен қатар жеке меншік нысандағы білім беру ұйымдарын Террористік тұрғыдан осал объектілерді Білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға қойылатын талаптарға сәйкестендіру үшін мемлекет тарапынан қаржы қарастыруды ұсынамын деп ұсыныс айтты.

Шешімі етеді:

Мектепке дейінгі мемлекеттік тапсырысты алу үшін мекетепке дейінгі тәрбие мен білім беру ұйымдарынан Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы «Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы» № 381 бұйрығының 14,15,18-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес 1 шағын орталық, 8 мемлекеттік және 3 жеке меншік бөбекжай бақшаларының құжаттары қаралды, балабақша құжаттары облыстық білім басқармасына жолдансын және білім бөлімінің интернет ресурсына орналастырылсын.

Мемлекеттік балабақшалармен қатар жеке меншік балабақшалар жоғарыда аталған заңды талаптарға сәйкестендіру үшін бюджеттік өтінім берілсін. Орындалуың экономикалық бөлімшесіне жүктелсін. Террористік тұрғыдан осал объектілердің шешімі 2023 жылдың тамыз-қараша айында шешімі табылсын.

**Бөлім басшысы,
комиссия төрағасы:**

 **И.Баймағамбетов**

**Білім бөлімінің сектор меңгерушісі,
комиссия төрағасының орынбасары:**

 **Г.Кабулова**

**Жамбыл облысы кәсіпкерлер
палатасының Сарысу ауданындағы
филиалының директоры, комиссия
мүшесі (келісім бойынша):**

 **Ш.Абдрахманов**

**Сарысу аудандық қоғамдық
кеңесінің бюджет және әлеуметтік
көмек комиссиясының төрағасы
(келісім бойынша):**

 **М.Мизенбаев**

**Сарысу аудандық мәслихатының
депутаты, комиссия мүшесі
(келісім бойынша):**

 **Р.Камбарбаева**

Хатшы:

 **А.Берденов**